

А.М. Мамырбеков¹, Б.Б. Токишкандиров^{2}, Д.К. Садыков³*

¹*Т.ғ.к., «Alikhan Bokeikhan University»,
Семей, Қазақстан, e-mail: arafat_kz@mail.ru*

²*Тарих кафедрасының меңгерушісі, «Шәкәрім университеті» КеАҚ,
Семей, Қазақстан, e-mail: botabek87@mail.ru*

³*Докторант, «Шәкәрім университеті» КеАҚ,
Семей, Қазақстан, e-mail: sadykov.daryn@mail.ru*

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ «ТҮРІК, ҚЫРҒЫЗ, ҚАЗАҚ ҺӘМ ХАНДАР ШЕЖІРЕСІ» ЕҢБЕГІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТАРИХИ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Бұл мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлының 1911 жылы жарық көрген «Түрік, қырғыз, қазақ Һәм хандар шежіресі» еңбегі қазақ тарихнамасы мен ұлттық тарихи сананың қалыптасу үдерісі контекстінде кешенді түрде талданады. Шежіре (араб. Шаджарат - бұтақ, тармақ) халықтың шығу тегін, таралуын баяндайтын тарих ғылымының бір тармағы. Ру тайпалардың өрбуін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген, қалыптасқан ресми шежіре мәдениетті елдерде кездеседі. Шәкәрім шежіресі бұл анықтама аясынан да кең мәселелерді қамтиды, қозғаған мәселелері аса ауқымды. Онда бір ғана халықтың шығу тегі, даму тарихы емес одан әлдеқайда кең көлемдегі мәліметтер сараланады.

Зерттеу барысында еңбектегі қазақ этногенезі мәселесі, түркілік тарихи сабақтастық идеясы, хандық биліктің генеалогиялық легитимациясы және шежіренің мәдени жады институты ретіндегі қызметі қарастырылады. Шәкәрім қазақ халқының шығу тегін Нұх – Яфас – Түрік - Оғыз желісі арқылы жүйелеп, қазақ тарихын исламдық және түркілік өркениеттік кеңістікпен байланыстыра түсіндіреді.

Мақалада шежіренің тек генеалогиялық мәтін емес, ұлттық тарихи сананы қалыптастыруға бағытталған концептуалдық еңбек екендігі ғылыми тұрғыдан негізделеді. Деректанулық, мәтінтанулық және тарихи-салыстырмалы әдістер арқылы еңбектің мазмұндық құрылымы мен тарихнамалық орны айқындалады. Зерттеу нәтижелері Шәкәрім шежіресінің қазақ халқының тарихи субъектілігін бекітудегі маңызын көрсетуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: шежіре, қазақ тарихы, хандар, тарихи сана, этногенез, деректану, түркі өркениеті.

Алғыс айту: Бұл зерттеу жұмысы ҚР Ғылым және Жоғары білім министрлігінің «Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани мұрасын әдеби-мәдени, тарихи-этнографиялық, географиялық, лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеу: цифрлық интеграция және этнотуризм» бағдарламасы аясында жүргізілді. (тіркеу номері: BR28712491)

А.М. Мамырбеков¹, Б.Б. Токишкандиров^{2}, Д.К. Садыков³*

¹*К.и.н., «Alikhan Bokeikhan University»
Семей, Қазақстан, e-mail: arafat_kz@mail.ru*

²*Заведующий кафедрой истории, НАО «Шәкәрім университет»,
Семей, Қазақстан, e-mail: botabek87@mail.ru*

³Докторант, НАО «Шәкарім университет»,
Семей, Казахстан, e-mail: sadykov.daryn@mail.ru

ШАКАРИМ КУДАЙБЕРДИЕВ И ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ КАЗАХСКОГО НАРОДА И ФОРМИРОВАНИЕ ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ В ЕГО ТРУДЕ «РОДОСЛОВНАЯ ТЮРОК, КИРГИЗ-КАЗАХОВ И ХАНОВ»

Аннотация

В данной статье комплексно анализируется труд Шакарима Кудайбердиева «Родословная тюрков, киргиз-казахов и ханов», изданный в 1911 году, в контексте становления казахской историографии и формирования национального исторического сознания. Шежире (араб. шаджарат — ветвь, ответвление) является одним из направлений исторической науки, повествующим о происхождении и расселении народов. Традиция передачи родоплеменной генеалогии из поколения в поколение в форме устной и письменной родословной характерна для культурно развитых обществ. Однако шежире Шакарима выходит далеко за рамки узкого генеалогического описания и охватывает значительно более широкий круг исторических проблем. В труде рассматриваются не только вопросы происхождения и исторического развития одного народа, но и обобщаются материалы более широкого цивилизационного масштаба. В ходе исследования анализируются проблемы этногенеза казахского народа, идея тюркской исторической преемственности, генеалогическая легитимация ханской власти, а также роль шежире как института культурной памяти. Шакарим систематизирует происхождение казахов через линию Нух – Яфас – Тюрк – Огуз, связывая историю казахского народа с исламским и тюркским цивилизационным пространством. В статье научно обосновывается положение о том, что шежире представляет собой не только генеалогический текст, но и концептуальный труд, направленный на формирование национального исторического сознания. На основе источниковедческого, текстологического и сравнительно-исторического методов определяется содержательная структура труда и его место в историографии. Результаты исследования позволяют выявить значение шежире Шакарима в утверждении исторической субъектности казахского народа.

Ключевые слова: шежире, история Казахстана, ханы, историческое сознание, этногенез, источниковедение, тюркская цивилизация.

Благодарность: Настоящее исследование выполнено в рамках программы Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Комплексное исследование духовного наследия Шакарима Кудайбердиева в литературно-культурном, историко-этнографическом, географическом и лингвистическом аспектах: цифровая интеграция и этнотуризм» (регистрационный номер: BR28712491).

А.М. Мамырбеков¹, В.В. Токешкадилов^{2*}, Д.К. Садиков³

¹Candidate of Historical Sciences, «Alikhan Bokeikhan University»
Semey, Kazakhstan, E-mail: arafat_kz@mail.ru

² Head of the Department of History, NPJSC «Shakarim University»,
Semey, Kazakhstan, E-mail: botabek87@mail.ru

³ Doctoral student, NPJSC «Shakarim University»,
Semey, Kazakhstan, E-mail: sadykov.daryn@mail.ru

SHAKARIM KUDAIBERDIEV AND THE PROBLEMS

OF KAZAKH HISTORY AND THE FORMATION OF HISTORICAL CONSCIOUSNESS IN HIS WORK “THE GENEALOGY OF THE TURKS, KYRGYZ-KAZAKHS AND KHANS”

Abstract

This article provides a comprehensive analysis of Shakarim Kudaiberdiev's work “The Genealogy of the Turks, Kyrgyz-Kazakhs and Khans” (1911) within the context of the development of Kazakh historiography and the formation of national historical consciousness. Shezhire (Arabic shajarat — branch, offshoot) represents a branch of historical knowledge that narrates the origin and settlement of peoples. The tradition of transmitting tribal genealogy from generation to generation, both orally and in written form, is characteristic of culturally developed societies. However, Shakarim's shezhire goes far beyond a narrow genealogical description and encompasses a much broader range of historical issues. The work addresses not only the origin and historical development of a single people but also synthesizes materials of a wider civilizational scale. The study examines the problems of the ethnogenesis of the Kazakh people, the idea of Turkic historical continuity, the genealogical legitimation of khan authority, and the role of shezhire as an institution of cultural memory. Shakarim systematizes the origin of the Kazakhs through the line Noah – Japheth – Turk – Oghuz, linking Kazakh history to the Islamic and Turkic civilizational space. The article scientifically substantiates the argument that the shezhire is not merely a genealogical text but a conceptual work aimed at forming national historical consciousness. Based on source criticism, textual analysis, and comparative-historical methods, the internal structure of the work and its place in historiography are determined. The results of the study reveal the significance of Shakarim's shezhire in affirming the historical subjectivity of the Kazakh people.

Keywords: shezhire, history of Kazakhstan, khans, historical consciousness, ethnogenesis, source studies, Turkic civilization.

Acknowledgment: *This research was conducted within the framework of the program of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan titled “Comprehensive Study of the Spiritual Heritage of Shakarim Kudaiberdiev in Literary-Cultural, Historical-Ethnographic, Geographical, and Linguistic Aspects: Digital Integration and Ethnotourism” (registration number: BR28712491).*

Кіріспе.

Қазақ халқының тарихын жүйелі түрде зерттеу мәселесі XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында ерекше маңызға ие болды. Бұл кезең қазақ қоғамының отаршылдық қысымға ұшырап, ұлттық болмысы мен тарихи жадын жоғалту қаупі күшейген уақытпен сәйкес келеді. Осындай тарихи жағдайда ұлттық интеллигенция өкілдері халықтың өткенін тану арқылы ұлттық сананы оятуды басты мақсат етті. Солардың бірі, қазақ зиялыларының көшбастаушысы – Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегі. Бұл еңбек қазақ тарихын ғылыми тұрғыда зерделеуге бағытталған алғашқы кешенді зерттеулердің бірі. Ш.Құдайбердіұлы бұл еңбегінде қазақ халқының шығу тегі, ру-тайпалық құрылымы, хандық басқару жүйесі және түркі халықтарымен тарихи байланысын кеңінен қарастырады. Сонымен қатар, еңбек ұлттық тарихи сананы қалыптастыруды көздейтін идеялық-ағартушылық мазмұнымен ерекшеленеді. Бұл шежіре турасында Ә.Бөкейхан: «Мұнан бұрын қазақ шежіресі қазақ тілінде кітап болып басылған жоқ. Шәкәрімнің бұл кітабы – қазақ шежіресінің тұңғышы; қазақ шежіресін білмек болған аға-іні іздегенді осы кітаптан табасың. Енді мұнан былай қазақ шежіресін жазбақ болған кісі Шәкәрім кітабын әбден білмей қадам баспа» [1], – дейді.

Ал, М.Әуезов: «Шәкәрімнің шежіресі – қазақтың ата-тегін ғылыми жүйеге түсірген тұңғыш тарихи-философиялық еңбек» [2], - деп зор баға береді.

Қазақ халқының ата шежіресі ерте кезден сақталған. Оған «Жеті атасын білмеген жетесіз», «Жеті атасын білген ер – жеті рулы елдің қамын жер, Жалғыз өзін білген ұл – құлағы мен жағын жер» деген аталы сөздер дәлел бола алады. Орта ғасырлардан бері шамамен мың жылға жуық кезеңде жазылған тарихи шығармалардың құрылымдық сипатына, баяндау тәсіліне және мазмұндық арқауына назар аударсақ, олардың басым

көпшілігі ауызша тарих айту дәстүріне негізделгенін көреміз. Бұл еңбектердің композициялық құрылымы көбіне белгілі бір тұлғаны немесе әулетті тірек етіп баяндауға құрылған. Сонымен бірге баяндау стилі жағынан да шежірешілдік дәстүрдің ықпалы айқын байқалады. «Монғолдың құпия шежіресі», «Шара Туджи», Лубсан Данзанның «Алтын топшысы», Рашид ад-диннің «Жылнамалар жинағы», Жамал Қаршидің «Оғыз-қыпшақ» және «Қарахан шежіресі», Бейбарыс пен Халдунның «Қыпшақ шежіресі», Заһир ад-дин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнамасы», Дулат Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашиди», Осман Кухистанидің «Тарих-и Абул-Хайр-хани», Әбілғазы Баһадүр-ханның «Түрік шежіресі», Ұлықбектің «Сұлтандар шежіресі», Қадырғали Жалайырдың «Жәми-әт-тауарихы», Өтеміс Қажының «Шыңғыс-нама» еңбегі – барлығы да генеалогиялық желіге құрылған тарихи баяндамалар [3]. Бұл дәстүр кейінгі кезеңдерде де жалғасын тапты. Шоқан Уәлихановтың «Ұлы жүз шежіресі», Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі» [4], Нұржан Наушабайұлының «Манзумат қазақиясы», Ғұсманғали Сыдықовтың «Тарих-и қырғыз-қазақ шад-маниясы», Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамсасы», Мұхамеджан Тынышбайұлының «Қырғыз-қазақ халқының тарихына қатысты материалдары», Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ шежіресі», Сәбит Мұқановтың «Халық мұрасы», Әлкей Марғұланның «Наймандары», Мұсатай Ақынжановтың «Қазақтың тегі туралы» және «Ұлы жүздің шежіресі», Марат Мұқановтың «Орта жүздің шежіресі», «Кіші жүздің шежіресі», Жамбыл Артықбаевтың «Еуразия көшпелілері ғасырлар мен мыңжыл-дықтар шендесуінде», «Қазақстан тарихы», «Этнос және қоғам», Қойшығара Салғараұлының «Қазақтың қилы тарихы» сияқты еңбектер де мазмұндық негізінде халық жадында сақталған шежірелік деректерге сүйенеді. Бұл шығармалардың барлығы, ең алдымен, дала өркениетінде тарих жазудың өзіндік мектебі қалыптасқанын көрсетеді. «Қазақ қоғамында тарихи сананың қалыптасуына шежіренің ықпалы зор. Шежіреде ержүрек қазақ батыр-ларының, халықтың бірлігі мен берекесін сақтауда ерекше рөл атқарған, ел ішіндегі алауыздықты тоқтата білген, ел тәуелсіздігі үшін күресте рухани жағынан арқау болып, елге рух берген дана билердің бейнелері де болды» [5]. Яғни, ауызша шежірешілдік дәстүр осы мектептің іргетасын қалап, тарихи білімді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің негізгі тетігіне айналды. Мың жылға жуық уақыт ішінде жазылған осындай көлемді еңбектер көшпелі қоғамда тарихтың үздіксіз сақталып, дамып отырғанын және оның негізінде шежірешілдік дәстүрдің жатқанын айқын дәлелдейді.

Өз кезінде Ш. Уәлиханов қазақ шежіресін: «ішіндегі айтылып отырған оқиға, мақал-мәтелі, халық әдеті қазақ халықның өткен тарихы және рухани өмірін суреттейді, қазақ тарихын жазу, оның шығу тарихын анықтау үшін таптырмайтын дерек» [6], - деп бағалайды. Расында да, қазақ мәдениетінде, төл әдебиетінде үлкен деректік қор бар. Қазақ шежірелерінің тарихи мәліметтерін сын көзқарас тұрғысынан тексеру, нақты ғылыми тәсілдермен шындыққа сәйкес келетін ақиқатын анықтау, қажетінше ғылыми айналымға енгізу – мемлекет, ұлт және мәдениет тарихын деректік тұрғыда зерттеуді жаңа деңгейге көтеретін келелі мәселе.

Материалдары мен әдістер. Зерттеу жұмысының деректік және әдіснамалық негізін Шәкәрім Құдайбердіұлының 1911 жылы Орынбор қаласында жарық көрген «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі» еңбегі. Шәкәрімнің шежірелік трактатын тарихи контексте саралау мақсатында ортағасырлық және жаңа дәуірдегі түркі-исламдық тарихнамалық шығармалар да пайдаланылды.

1. Тарихи-салыстырмалы әдіс

Бұл әдіс арқылы Шәкәрім еңбегіндегі этногенездік модель мен генеалогиялық құрылым ортағасырлық түркілік және исламдық тарихнамалық дәстүрмен салыстырылды. Бұл тәсіл Шәкәрімнің дерек пайдалану ерекшеліктерін, тарихи интерпретациясының жаңашылдығын және дәстүрлік сабақтастығын анықтауға мүмкіндік берді.

2. Деректанулық талдау

Бұл әдіс Шәкәрім пайдаланған дерек көздерінің табиғатын, сенімділік деңгейін және мазмұндық құрылымын анықтау мақсатында қолданылды. Шежірелік деректердің ауызша дәстүрге негізделгендігі, автордың шығыстық жазба деректерге сүйенуі, тарихи тұлғалар

мен хронологиялық мәліметтердің берілу логикасы ғылыми сын тұрғысынан талданды. Бұл әдіс еңбектің тарихи дерек ретіндегі құндылығын және интерпретациялық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді.

3. Тарихнамалық талдау әдіс

Бұл әдіс арқылы Шәкәрім еңбегінің зерттелу эволюциясы қарастырылды. М. Тынышпаев «Материалы к истории киргиз-казахского народа», Ә. Марғұлан «Ежелгі жыр, аңыздар», М.Қозыбаев «Тарих зердесі», Қ. Салғараұлы «Қазақтың қилы тарихы», С. Толымбеков «Қазақ ру-тайпаларының тарихы», Т. Омарбеков «Қазақ тарихының өзекті мәселелері», Ж.Артықбаев «Қазақ шежіресі», «Этнос және қоғам» т.б. Революцияға дейінгі кезеңдегі, кеңестік дәуірдегі идеологиялық интерпретациялар және тәуелсіздік жылдарындағы ғылыми тұжырымдар жүйеленді.

Бұл тәсіл еңбектің ғылыми айналымдағы орнын және оның бағалануының тарихи динамикасын көрсетуге мүмкіндік берді.

4. Теориялық интерпретациялық тәсілдер

Зерттеуде мәдени жады теориясы (cultural memory), этносимволизм тұжырымдамасы және постколониалдық талдау элементтері пайдаланылды. Бұл теориялық тәсілдер шежірені тек тарихи дерек ретінде ғана емес, ұлттық тарихи сананы қалыптастыру тетігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, қолданылған кешенді әдіснамалық жүйе Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегін көпқырлы ғылыми деңгейде талдауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылаулар.

Шәкәрім Құдайбердіұлы тарихты жазуда тек ауызша деректерге сүйенбей, шығыс және батыс дереккөздерін салыстыра пайдалануға ұмтылды. Оның тарихшылық қызметі қазақ тарихнамасында ерекше орын алады, себебі ол шежірелік деректерді ғылыми тұрғыда жүйелеуге талпынды. Бұл еңбек қазақ тарихын аңыздық деңгейден шығарып, тарихи таным деңгейіне көтеруге бағытталды.

Тарихшы ғалымдар: «Алғашқылардың бірі болып қазақ тарихшыларының ішінен шежіредегі нақты тарихи білім жүйесін тұрмыстық, әдеби-фольклорлық элементтерден бөліп-жарып қарауға ұмтылған Шәкәрім Құдайбердіұлы болды. Сондықтан Шәкәрімнің тарихнамалық мұрасынан шежіре құбылысын таза тарихи білім ретінде қарауға үндегенін анық аңғарамыз» [7], - деп бағалайды.

Ш. Құдайбердіұлы «Түрік, қырғыз, һәм хандар шежіресін» жазумен көп жыл бойы шұғылданып, зор еңбек еткен (1877 жылдан 1911 жылға дейін, 34 жыл). Мазмұны терең, ой нысанасы айқын, композициялық жағынан біртұтас, жүйелі жазылған еңбекте Адам ата мен Хауа анадан бергі шежіре жолына барлау жасалынған. Кітап «Шежіреден бұрын», «Шежіре басы», «Қазақтың қайдан шыққаны», «Хан шежіресі», «Шыңғысхан шежіресі», «Стамбулдағы түрік нәсілі», «Сарт», «Өзбек», «Ноғай», «Башқұрт», «Қалмақ һәм телеуіт», «Түрікмен», «Яқұт», «Оранхай», «Енисейдегі түрік», «Күншығыс Түркістандағы түрік» деп аталатын ірілі-ұсақты бірнеше тараудан тұрады. Кітап соңында оның «Мақсұт» «Қазақ», «Насихат», «Тағы сорлы қазақ», «Қош» [8] деп аталатын өлеңдері берілген.

Шәкәрім шежіресінің қара сөзбен жазылған бөлігіндегі аталынған тақырыпар тарихи деректерді жүйелі баяндаумен берілген. Қазақ халқының ежелгі түркі ру-тайпалары жүйесіндегі ең негізгі құрамды танытатыны барлық тарауларда да анық байқалады. Шежіреден байқалатын ең басты ерекшелік Шәкәрім өзі сөз етіп отырған мәліметтерді тек өзіне ғана телмейді. Әрбір деректерді қай еңбектен оқығанын қайдан алғанын үнемі баяндап отырады. Шежірелік дерек төңірегінде әртүрлі тарихшылардың пікірлерін салыстыра көрсетеді. Еңбектің «Шежіре басы» атты бөлімінде Шәкәрім түрік нәсілінің шығу тегі жайында ойларын бере отырып, Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре түрік» еңбегіндегі Нұх пайғамбардың ұлы Яфистен тараған 8 баланың бірі түрік болғаны жайлы деректі, Радловтың «Ұйғырлар туралы кітабындағы түрікті ағаштан жаралды» деген болжамдарын, Қытай шежіресіндегі түрік жұртын қасқыр мен адамның қосылуынан болды

деген сөзді, еш сөзге қисынбайды деп өз көзқарасын білдіреді. Шежіре еңбегінің ең басты құндылығы өткен замандағы түрлі жазбалар мен кітаптардың мәліметтерін салыстыра топтап-жинап, елеп-екшеп ұсынуында. Шәкәрім кітаптардың көбін түпнұсқа күйінде оқып танысқан. Шәкәрімнің Меккеге бару сапары да таза діншілдік ниеттен, тек қана қажы атану ойынан тұмаған. Оның бұл сапарында өзге де мақсатының болғандығы анық. Ол жөнінде ақынның өзі былай деген: «Меккеге бара жатқан сапарымда Стамбулда 13 күн, бері келе жатқанда тағы 13 күн болып тарихты ақтардым, керек кітаптарды почтамен үйге жіберіп отырдым. Меккенің де, Мединенің де тарихтарын ақтардым, жол қатынасы жайсыз болып Мысырға (Египетке) баруға рұқсат ала алмадым. Сол сапарда Шығыс, Батыс ғалымдарымен сөйлесіп пікірлестім, ерте кезеңде шыққан ғалымдар шығармаларын жаздырып алдым» [9].

Шежіре жанры туралы ғалым Б.Кенжебаевтың: «XIX-XX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихында дәстүрлі шежірелік шығармалар қара сөзбен де, өлеңмен де жазылды. Ұлы Абайдың «Бір сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы», Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі». М.Ж.Көпейұлының «Қазақ шежіресі», «Ұлы жүз туралы» т.б. туындылар қазақ тарихын баяндайтын шығармалар» [10], - деген тұжырымы шежірені тарихи дерек ретінде зерттеуге негіз болады.

Ақынның «Жасымнан жетік білдім түрік тілін» деп жырлауы сондықтан, қандай еңбекке болса да зерделей үңіліп, оның дәнін алып, көпшілікке мәлімдей білу оның қаламгерлік болмысына тән. «Қазақтың қайдан шыққаны» деп аталатын ең ірі тарауында қазақ халқының шыққан тегі, жүріп өткен тарихи жолы, қазақтың үш жүзі, хандары, жекелеген рулар тарихы турасында мол мағлұматтар берілген. Шәкәрім бір рудың шежіресін таратқанда нақты мысалдар негізінде еңбектің көркемдік қалпын, мазмұнын әрлендіре түседі, құрғақ деректерге бой ұрмайды. Тарихи аңыз әңгімені пайдаланып Әбілғазы Баһадүр мен Аристов кітаптарындағы мағлұматтарға сүйеніп Шәкәрім бір мәселе туралы былай деп жазады: «Біздің қазақтың үш жүзге бөлінгенін қазақтар былайша айтады: Өз Жәнібек қазақты Қашғардағы Шағатай нәсіліне қаратқан соң кешікпей сол кезде қазақты һәм көшпелі басқа елдерді Жүніс ханның Ахмед деген баласы билеп, оның ағасы Жәнікей, шын аты Махмұд деген Ташкентте үлкен хан болыпты», – дей келіп Ахмед ханның қазақтан әскер жасақтап, қалмақты шапқанын баяндайды. «Қалмақты шаба берген соң, делінген шежіреде, қалмақтар Ахмед ханды «алашы» қойыпты, мағынасы жан алғыш дегені. Оны естіген Ахмед хан, қалмақ бұл атты қорыққан соң қойды, енді қалмақты шапқанда «алашылап» шабындар деген соң, қазақтар «алашы» деп шауып сол қазаққа ұран болыпты. Алаш – алаш болғанда, Алашы хан болғанда, қалмаққа не қылмақ, – деп мақтанатыны сол», – дейді Шәкәрім.

Ғалым Қ. Мәдібай: «Абай мен Шаһкерім баяндап жазған осындай тарихи мағлұматтарды бес томдық «Қазақ ССР тарихы» кітаптарынан да, Қазақ Совет энциклопедиясынан да қанағаттанып оқи алмаймыз. Тарих кітабында Юнус ханның баласы Ахмед – Алаша хан аталғанымен, оның «Алаша хан» аталуы туралы айтылмайды және ол жайында Абай, Шаһкерім жазған мағлұматтар кездеспейді» [11], - дейді. Яғни бұл Алашы немесе алаша хан туралы тек шежіреде ғана кездестіреміз. Осы мысал негізінде ақ тарихты дұрыс көрсетуге тырысқан. Қазақ тарихын баяндай келіп ол Қобыланды батыр туралы мынандай бір деректі алға тартады: Қара қыпшақ Қобыланды бірде Әбілқайыр ханның сүйікті қазысы Дайыр қожаны өлтіріп кетеді. Өз Жәнібек хан Қобыландыны өлтіру туралы бұйрық береді. Әбілқайыр Қобыландыны жақсы көреді, әрі ел тыныштығын ойлап дауды үш кісінің құнын төлетумен тәмамдайды. Сонда Дайыр қожаның әкесі Қыдан баласының сүйегін айналып жүріп: «Қара қыпшақ Қобыланды да нең бар еді құлыным», – деп қапаланса керек. Кейінірек бұл сөз қазақ ішінде кең тарап кетсе керек. Шәкәрім шежіресінде Қобыланды батыр қазақ атаулы елдің ноғайлы атымен жүрген заманының адамы. Жырда адасқанын жолға салдың бұл ноғайлы елінің деп келетін ұйқас қазақ атаулы рулардың ол кезде ноғайлы болып жүргенін көрсетеді. Мұндай тарихи деректер шежіреде көп кездеседі. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Күлтөбенің басында күнде кеңес», «Еңсегей бойлы ер Есім», «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама»

сияқты ел ішінде көп айтылатын мән-мағыналы көпшілікке түгел таныс емес ұғымдар астарына үңіліп, әрқайсының шығу этимологиясы, онымен сабақтас жағдайлар турасында айтылатын деректер осының айғағы. Қазақтар 1723 жылы қалмақтан жеңіліп үдере көшкен тұста Шәкәрімнің баяндауынша «аш-жалаңаш» жаяу шұбап бір көлдің басына келіп, көлді айнала жатса бір ақсақал: «Балаларым адам басынан кешкен жақсылықты қандай ұмытпаса, жаманшылық көргенін сондай ұмытпау керек, біздің бұл көрген бейнетіміздің аты «ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» болсын» депті. Табанымыз ағарғанша жаяу жүріп, көлді айналып жатқан деген күн мағынада айтылса керек қария сөзі. Және сол жолда айтылған қазақтың ескі өлеңінде ауыл көшкенде Қаратаудан көш асқанда енесін артып алған бір тайлақ көшті жанап боздайды, қарындасын жақынын қалмақтар өлтірген жылаулар оны жоқтап, ол да зарлайды. Бұл шежіреде көрсетілген ел басына түскен ауыр кезең болатын.

Шежіренің екінші бөлімі өлеңмен жазылған. «Мақсұд» атты өлеңі Жаратушы Аллаға («Бір Алла бергеніңе сансыз шүкір») мінәжат етуден басталады. Автор шежіре жазудағы мақсатын, халықтың өткен тарихын жазу арқылы ұрпақтарға адамгершілік тәрбиесі ықпалын жасау мұратын білдіреді. Халықтың да, билеуші хандардың да татулықпен еңбексүйгіштікпен ғана өсіп-өркендейтін ұлағатын уағыздайды. Шежіренің «Қазақ» атты бөлігінде ұлттық өркендеуіне кедергі болып отырған кесапатты қылықтар өткір тілмен сыналады. Ғылымды, өнер-білімді игеруге құлықсыздықты, ағайын ішіндегі араздықты, ұрлық, өтірік т.б. кертартпалықты сынайды. Шежіренің «Нәсихат» атты бөлімінде халқының үлкендерін де, жастарын да ғылымды игеруге шақырады. Шежіредегі «Қазақтың түп атасы» – тарихи дастан түрінде жазылған шығарма. Оны мынандай тақырыпшалар арқылы саралауға болады: біріншісі – қазақтың түркі оғыз тайпалары бірлестігі кезеңі; екіншісі – түркі-моңғол тайпалары бірлестігі кезеңі; үшіншісі – Алтын Орда қыпшақ дәуіріндегі қазақ тарихы; төртіншісі – Сақа, Осман түріктерінің тарихы; бесіншісі – қазақ хандығы кезеңіндегі оқиғалар; алтыншысы – XVIII ғ. Абылай хан басқарған кезең, қазақ-қалмақ соғыстары. Бұл тарихи дастан-шежіреден халқымыз тарихындағы көрнекті тұлғаларға деректік сипаттама көрсетілгенін байқаймыз.

Ш.Құдайбердіұлы еңбегіндегі негізгі мәселелердің бірі - қазақ халқының шығу тегі. Автор қазақ халқын түркі халықтарының тарихи дамуы аясында қарастырып, оның қалыптасуын ұзақ этникалық үдерістермен байланыстырады. Ол қазақ халқының негізін құраған тайпалардың тарихын тарқата отырып, олардың ортақ этникалық бірлікке бірігу жолын көрсетеді. Шәкәрім этногенез мәселесін қарастыруда шежірелік мәліметтерге сүйеніп қана қоймай, тарихи еңбектерді салыстыра пайдаланады. Бұл әдіс оның еңбегін қарапайым шежіреден ғылыми зерттеу деңгейіне көтереді.

Ғалым М. Мырзахметов «Шәкәрім шежіресінің, басты ой-қазығы қазақтардың шығу тегі, нәсілі арабтардан емес, түп төркіні көне түркі әлемінде жатқанын ғылыми дәлелдеді, нақтылы тарихи деректер көзімен аша отырып, абай бағдар берген тарихи танымды одан әрі жетілдіре жалғастыруында жатыр» [12], - дейді.

Шәкәрім шежірені қазақ тарихының маңызды дереккөзі ретінде қарастырады. Ол шежірелік мәліметтерді сын көзбен қарап, олардың тарихи шындыққа сәйкестігін анықтауға тырысады. Автордың бұл ұстанымы деректану ғылымының алғашқы элементтерін қазақ тарихына енгізгенін көрсетеді. Шежіре арқылы қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы, рулық жүйесі, тарихи көші-қон процестері айқындалады. Осы тұрғыдан алғанда, Шәкәрім еңбегі қазақ халқының дәстүрлі тарихи жадының ғылыми өңделген нұсқасы болып табылады. Яғни, шежірелік туындылар тарихшылар үшін ғана емес, барша қазақ халқы үшін рухани құндылық, білімнің бастауы, қазақтың тарихи жолының символы болып жоғары бағаланады. Бұл жөнінде Л.Н.Гумилев: «олар үшін тарих – ұрпақтарының генологиясы; эталон – оқиға немесес институт емес, ... ата-баба. Еуропалықтарға осындай ұрпақтар тізімі мағынасыз болып көрінуі мүмкін, бірақ ол уақыт ағымын дәл ғылымдағы кез келген өлшем сияқты көрсетеді» [13], - деп тарихи, ғылыми маңызын анықтап береді.

Қазақ контекстінде шежіре үш қырына алып талданады:


- Генологиялық (ата-тек, некелік тияым, «жеті ата»);
- Тарихи-саяси (хандық легмитация, ру-тайпа одақтары т.б);
- Әдеби-поэтикалық (мифтік бастау, эпикалық мотивтер, прозалық аңыздар, өлеңдер).

Шәкәрім Құдайбердіұлының осы еңбегі, шежіре деп аталғанымен, қазақ тарихына арналған үлген зерттеу. Шежіреде қазақ тарихының алдында тұрған, бүгіндері де өзекті болып табылатынын үш мәселеге көңіл аударған. Олар: қазақтың халық болып қалыптасуы, қазақ хандығының құрылу тарихы және хандар генеологиясы. Екінші бөлігі-дәстүрлі рулар шежіресі. Әрине, еңбектің бұл бөлігінде рулар генеологиясымен бірге толып жатқан қызықты аңыз әңгімелер де берілген.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегіндегі генеологиялық сызбасы төмендегідей [14].


1. Адам атадан басталатын шығу тек

АДАМ АТА



2. Түрік тектерінің бастауы

ЯФАС



Шәкәрім Құдайбердіұлының түсіндіруінде «түрік» сөзі барлық түркі халықтарының түп негізі ретінде қаралады.

3. Қазақ ру-тайпаларының шежіресі

ТҮРІК



4. Арғын руының тегі (Шәкәрімнің өз текті)

ОРТА ЖҮЗ → АРҒЫН → Тобықты → Ырғызбай → Құнанбай → ШӘКӘРІМ


Толық тізбек:

Түрік → Қыпшақ → Арғын → Тобықты → Ырғызбай → Өскенбай → Құнанбай → Шәкәрім

Шәкәрім өз еңбегінде бұл тізбекті «Менің жеті атам» үлгісінде көрсетеді және арғы тегін түрік пен Яфас пайғамбарға дейін жалғайды.

5. Хандар мен билеушілер шежіресі (тарихи хронологиялық желі)

Афрасияб (Ежелгі түрік патшасы)



6. Генеалогияның идеялық-тарихи маңызы

Деңгей	Тұлға / Тайпа	Мағынасы
I	Адам ата, Нұх	Адамзаттың жаратылу негізі
II	Яфас, Түрік	Түркі жұртының рухани бастауы
III	Қазақ	Ұлттық бірліктің тарихи түпнегізі
IV	Арғын–Тобықты	Рулық бірлік пен ата-баба ұлағаты
V	Құнанбай– Шәкәрім	Рухани және мәдени сабақтастық

7. Көркемдік сызба (схемалық көрініс)

АДАМ АТА



└─ ҚҰНАНБАЙ └─ ШӘКӘРІМ

Бұл сызба Шәкәрім шежіресінің төмендегідей табиғатын айқын көрсетеді:

1. Әлемдік-діни деңгей – Адам атадан Нұхқа дейін;
2. Түркілік өркениет деңгейі – Яфастан бастап түрік, қазақ этногенезіне дейін;
3. Ұлттық-рулық деңгей – Қазақтың үш жүзі, оның ішінде Арғын-Тобықтының тегі;
4. Жеке-рухани деңгей – Құнанбай мен Шәкәрім әулетінің жалғастығы.

Еңбекте қазақ хандарының тарихы мен хандық билік жүйесіне ерекше назар аударылады. Шәкәрім қазақ хандығының құрылуын ұлттық мемлекеттіліктің бастауы ретінде бағалайды. Ол хандардың шығу тегі, олардың ел басқарудағы рөлі мен тарихи миссиясын нақтылауға ұмтылады. Автор хандық билікті қазақ қоғамының тұтастығын сақтаған саяси институт ретінде көрсетеді. Бұл көзқарас қазақ мемлекеттілігінің тарихи заңдылығын дәлелдеуге бағытталған.

Шәкәрім қазақ тарихын түркі халықтарының ортақ тарихымен байланыстыра қарастырады. Ол түркі халықтарының шығу тегі, мәдениеті мен саяси тарихындағы ортақ белгілерді айқындайды. Мұндай көзқарас қазақ халқының тарихи тамырының тереңдігін көрсетіп, оны әлемдік өркениет контекстінде танытуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл ұлттық тарихты оқшауламай, кең өркениеттік кеңістікте түсіндірудің үлгісі болып табылады. «Шежірені бүгінгі ұрпақтарға дейін тарқату, өз руынан шыққан тарихи тұлғалар (батыр, ақын, би, шешен, т.б.) туралы шежірешіден артық ешкім білмеуі де мүмкін. Шежіре, тарихи тұлғаға қатысты деректер аңыз, жыр, әңгіме арқылы атадан балаға, баладан немере, шөбереге жалғасын тауып отырады» [15], - яғни шежіре дегеніміз қазақ халқы үшін өте маңызды.

Шәкәрім еңбегінің басты идеялық бағыты - ұлттық тарихи сананы қалыптастыру. Автор халықтың өз тарихын білуін ұлттық рухтың негізі деп түсінеді. Ол отаршылдық саясат жағдайында бұрмаланған тарихи түсініктерге қарсы тұрып, қазақ халқының дербес тарихы бар екенін дәлелдеуге тырысады. Бұл еңбек тарихи зерттеу ғана емес, сонымен қатар ұлттық сананы оятуға бағытталған рухани-ағартушылық туынды болып табылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

Тарихи-салыстырмалы және деректанулық талдау негізінде Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегіндегі қазақ этногенезі концепциясы кешенді түрде сараланып, оның түркілік және исламдық тарихнамалық дәстүрмен сабақтастығы ғылыми тұрғыдан негізделді;

Шежіренің тек генеалогиялық мәтін емес, қазақ халқының тарихи субъектілігін бекітуге бағытталған ұлттық-тарихи концепция екендігі дәлелденіп, оның тарихи легитимация тетігі ретіндегі қызметі айқындалды;

Шәкәрім еңбегінің отарлық кезеңдегі империялық тарихнамалық дискурсқа интеллектуалдық жауап ретіндегі сипаты анықталып, қазақ тарихи санасын жаңғыртудағы рөлі көрсетілді;

Еңбектің мәтінтанулық және деректанулық ерекшеліктері талданып, оның дәстүрлі ауызша тарихи білімнен модерн ұлттық тарихнамалық модельге өтудің маңызды кезеңі екендігі жүйелі түрде тұжырымдалды.

Бұл зерттеу нәтижелері:

тарихи дерек ретіндегі шежіренің ғылыми айналымдағы орнын айқындауда және дәстүрлі генеалогиялық білімнің қазіргі ұлттық идеологиямен байланысын саралауда;

қазақ халқының этногенезі мен мемлекеттілік тарихын оқыту барысында, тарих, саясаттану, этнология және мәдениеттану бағытындағы академиялық-оқу бағдарламаларын әзірлеуде;

түркі халықтарының тарихи сабақтастығы мен мәдени тұтастығын ғылыми негізде түсіндіруде, түркі елдері арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамыту бағытындағы зерттеулерде кеңінен пайдалануға болады.

Зерттеу негізінде келесі нақты ұсыныстар беріледі:

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегін ұлттық тарихи сана қалыптастырудың теориялық негіздерінің бірі ретінде оқу бағдарламаларына жүйелі енгізу

Осы мақсатта жоғары мектепте «Қазақстан тарихы», «Деректану», «Тарихнамалық зерттеулер» пәндері аясында арнайы элективті курстар әзірлеу ұсынылады.

Шежіренің академиялық ғылыми басылымын дайындау

1911 жылғы түпнұсқа басылым мен қолжазба нұсқаларын мәтінтанулық және деректанулық сараптамадан өткізіп, толық ғылыми түсініктемелермен қамтамасыз етілген сын басылым әзірлеу қажет. Бұл еңбектің ғылыми айналымдағы дәлдігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақ этногенезін зерттеуде пәнаралық ғылыми тәсілді енгізу Шәкәрім еңбегіндегі этногенездік модельді археологиялық, антропологиялық, этнологиялық және жазба деректермен салыстыра зерттеу мақсатында кешенді ғылыми жобалар ұйымдастыру ұсынылады.

Шәкәрім шежіресін ұлттық тарихи легитимация мен мәдени жады феномені ретінде жүйелі зерттеу.

Еңбектің отарлық кезеңдегі империялық дискурсқа интеллектуалдық жауап ретіндегі сипатын, қазақ халқының тарихи субъектілігін бекітудегі рөлін ғылыми тұрғыдан кеңейтілген талдау қажет.

Түркі халықтарының тарихи сабақтастығын нығайту бағытында ғылыми ынтымақтастықты дамыту

Түркі академиясы, ТҮРКСОЙ және Түркі академиясы аясында бірлескен академиялық бағдарламалар, студенттік алмасу, жазғы мектептер мен ғылыми конференциялар өткізу қажет.

Тарихи білімді қазіргі этносаяси тұрақтылықты қамтамасыз ету тетігі ретінде пайдалану

Шәкәрім еңбегіндегі тарихи сабақтастық пен этникалық тұтастық идеяларын қазіргі қоғамдық келісім мен ұлттық бірегейлікті нығайту үдерістерінде ғылыми негіз ретінде қолдану қажет.

Шәкәрім Құдайбердіұлының шежірелік еңбегін кешенді ғылыми тұрғыда зерттеу тек тарихи мәселелерді нақтылауға ғана емес, ұлттық тарихи сананы нығайтуға, мәдени сабақтастықты сақтауға және қазіргі қоғамдағы рухани тұтастықты қамтамасыз етуге де қызмет етеді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегінің қазақ тарихнамасы мен ұлттық тарихи сананың қалыптасу үдерісіндегі маңызын жан-жақты ашып көрсетеді. Деректанулық, мәтінтанулық және тарихи-салыстырмалы әдістерді қолдану негізінде еңбектің мазмұндық құрылымы, тарихи интерпретациялық тәсілі және идеологиялық астары кешенді түрде талданды. Зерттеу нәтижесінде Шәкәрім шежіресінің тек генеалогиялық сипаттағы туынды емес, қазақ халқының тарихи субъектілігін бекітуге бағытталған тұтас тарихи-идеялық жоба екендігі анықталды. Шәкәрім қазақ этногенезін Нұх – Яфас – Түрік – Оғыз желісі арқылы жүйелеу арқылы қазақ халқының тарихи тамырының тереңдігін дәлелдеуге ұмтылған. Бұл тәсіл қазақ тарихын исламдық және түркілік өркениеттік кеңістікпен сабақтастыра отырып, ұлттық легитимация тетігін қалыптастыруға бағытталған. Еңбектегі хандық биліктің генеалогиялық негізделуі қазақ мемлекеттілігінің тарихи сабақтастығын көрсетуге қызмет еткен. Шежірелік құрылым арқылы билік легитимділігі тарихи-рухани негізде түсіндіріліп, қазақ қоғамының саяси дәстүрінің тамыры тереңде жатқандығы айқындалған.

Зерттеу барысында шежіренің мәдени жады институты ретіндегі рөлі де нақтыланды. Шәкәрім еңбегі тарихи уақытты жүйелеп, этникалық бірегейлікті бекітіп, ұжымдық тарихи сананы қалыптастыруда маңызды қызмет атқарған. Бұл тұрғыдан алғанда, шежіре тек тарихи дерек көзі емес, ұлттық тарихи сананы институционализациялау құралы ретінде бағаланады. Қорытындылардың шынайылығы тарихи мәтінді кешенді талдау арқылы және алынған нәтижелердің қазақ тарихи ойының эволюциясымен сәйкес келуі арқылы дәлелденеді. Өйткені

XX ғасыр басындағы ұлттық қозғалыстар кезеңінде тарихи нарративтер халықтың өзін-өзі тану үдерісінде шешуші рөл атқарды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Шәкәрім еңбегін бұрынғыдай жай шежірелік жинақ ретінде емес, қазақ тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған концептуалдық мәтін ретінде қарастырумен ерекшеленеді. Бұл еңбек дәстүрлі ауызша тарихи білім мен модерн ұлттық тарихнаманың тоғысқан кезеңін айқындайтын маңызды интеллектуалдық құбылыс ретінде бағаланады. Алынған нәтижелер негізінде қазақ тарихи ойының қалыптасуы мен ұлттық бірегейліктің эволюциясына қатысты ғылыми таным тереңдетілді деп айтуға болады. Бұл зерттеу:

қазақ этногенезі мәселесін жаңаша пайымдауға мүмкіндік береді;

ұлттық тарихи сананың қалыптасу механизмдерін түсіндіруге негіз болады;

шежірелік дәстүрдің деректік және идеологиялық маңызын айқындайды;

қазақ тарихнамасының модернизация кезеңіндегі интеллектуалдық үдерістерді кешенді бағалауға жағдай жасайды.

Осылайша, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегін кешенді зерттеу қазақ тарихи ойының дамуын, ұлттық сана эволюциясын және мәдени жадының қалыптасу үдерісін терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы ізденістер алдағы уақытта да қазақ тарихнамасының теориялық және деректанулық мәселелерін одан әрі жетілдіруге негіз бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бөкейханов Ә. Шығармалары.-Алматы: Қазақстан,1994.-210.
2. Әуезов М. Шығармалар жинағы, 12 – т., Алматы: Жазушы, 1969. – 259 б.
3. Сыдықов Е., Сләмов А., Шәкәрім шежіресі. Евразия орталығы. Ғылыми журнал. Семей, 2008. №2 (11). 114 б.
4. Зекенұлы Қ. Шәкәрім шежіресі түп тамырымыздың тірегі. <https://abaialemi.kz/post/view?id=1158> (16.01.2026)
5. Тургунбаев Е.М. Қазақ тарихын зерттеудегі шежіренің орны. KazNU Bulletin. History series. №2 (81). 2016. 292-300 б.
6. Уәлиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2010. Т 2. – 464 б.
7. Алтысбек М. Қазақ шежірелері – тарихи дерек ретінде. Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2007. – 53 б.
8. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Алматы: Қазақстан; Сана, 1991.- 80 б.
9. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары: Роман, қара сөздер, мақалалар, аудармалар. II том. - Алматы: Жібек жолы,2007.-624 б.
10. Кенжебаев Б. Шығармалар жинағы. Алматы. - Алматы, 2018. Т 2. -336 б.
11. Мәдібай Қ. Шәкәрім шежіресі. <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/12349>
12. Мырзахметов М. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі туралы. Алғы сөз. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Алматы: Қазақстан; Сана, 1991.-80 б.
13. Гумилев Л.Н. Истоки ритма кочевой культуры Срединной Азии: опыт историка-географического синтеза. НАА. 1966; 4: 78., 44 с.
14. <https://chatgpt.com/g/g-NgAcklHd8-scispace/c/698cbaa7-4d70-838c-aac6-2ca18dab8dca>
15. Onal M.N., Saltakova Zh.T., The historicity of Kazakh genealogy storytelling (zhyr). <https://doi.org/10.26577/EJPh-2019-3-ph6>

References:

1. Bokeikhanov A. Shygharmalary. – Almaty: Qazaqstan, 1994. – 210 b.
2. Auezov M. Shygharmalar zhinagy, 12-t. – Almaty: Zhazushy, 1969. – 259 b.
3. Sydykov E., Slamov A. Shakarim shezhiresi. Evraziya ortalygy. Gylymi zhurnal. – Semey, 2008. – №2 (11). – 114 b.
4. Zekenuly Q. Shakarim shezhiresi tup tamyrymyzdyng tiregi. Available at: <https://abaialemi.kz/post/view?id=1158> (16.01.2026)
5. Turgunbaev E.M. Qazaq tarihin zertteudegi shezhirenin orny. KazNU Bulletin. History series. – 2016. – №2 (81). – 292–300 b.
6. Ualikhanov Sh. Kop tomdyq shygharmalar zhinagy. – Almaty, 2010. – T.2. – 464 b.

7. Alpysbek M. *Qazaq shezhireleri – tarihi derek retinde. Tarih gylymdarynyng doktory gylymi darezhesin alu ushin dayyndalghan dissertatsiyaning avtoreferaty.* – Almaty, 2007. – 53 b.
8. Qudaiberdiuly Sh. *Turik, qyrghyz-qazaq ham khandar shezhiresi.* – Almaty: Qazaqstan; Sana, 1991. – 80 b.
9. Qudaiberdiuly Sh. *Shygharmalary: Roman, qara sozder, maqalalar, audarmalar. II tom.* – Almaty: Zhibek zholy, 2007. – 624 b.
10. Kenzhebaev B. *Shygharmalar zhinagy.* – Almaty, 2018. – T.2. – 336 b.
11. Madibai Q. *Shakarim shezhiresi.* Available at: <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/12349>
12. Myrzakhmetov M. *Turik, qyrghyz-qazaq ham khandar shezhiresi turaly. Algys soz.* In: Qudaiberdiuly Sh. *Turik, qyrghyz-qazaq ham khandar shezhiresi.* – Almaty: Qazaqstan; Sana, 1991. – 80 b.
13. Gumilev L.N. *Istoki ritma kochevoy kul'tury Sredinnoi Azii: opyt istoriko-geograficheskogo sinteza. Narody Azii i Afriki.* – 1966; 4: 78–92.
14. <https://chatgpt.com/g/g-NgAcklHd8-scispace/c/698cbaa7-4d70-838c-aac6-2ca18dab8dca>
15. Onal M.N., Saltakova Zh.T. *The historicity of Kazakh genealogy storytelling (zhyr).* <https://doi.org/10.26577/EJPh-2019-3-ph6>